«8D03102 - Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Осербаев Елдос Нұрланұлының «Кибербуллинг мәдени девиацияның формасы ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 4. «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» атты басым бағытының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағытына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	8D03102 – Мәдениеттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмыс. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен қаржыландырылатын «Цифрлық трансформация жағдайындағы қазақстандық қоғам: перспективалар мен тәуекелдер» ғылыми бағдарламасы аясында орындалды. (грант №BR21882302, 2023-2025 жж.)

		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертациялық жұмыс басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен елеміздегі ғылым дамуының «Елдің интеллектуалдық әлеуеті» атты басым бағытының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады/**қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Пікір беріліп отырған диссертация өзінің саласы бойынша ғылымға маңызды үлес қосып отырған зерттеу жұмысы болып табылады. Ізденуші Елдос Осербаевтың зерттеу жұмысы қазіргі заман үшін өзекті болып отырған кибербуллинг мәселесін мәдени девиацияның формасы ретінде қарастырып, оны мәдениеттанулық және философиялық тұрғыдан зерделеуге арналған. Зерттеу жұмысындағы концептуалдық идеялар әлемдік деңгейде өзекті болып отырған әлеуметтік мәселеге мәдени-философиялық негіздеме беру арқылы ғылымға өзіндік үлес қосатын еңбек екенін көрсетеді.

			Ғылыми зерттеу барысында тақырыпқа қатысты жүйелі шолу жасалып, талдаулар мен тұжырымдар терең негізделген. Автордың ұсынған теориялық тұжырымдары мен ұсыныстарының дәйектілігі мен ғылыми жаңалығы диссертацияның маңыздылығын айқындай түседі. Кибербуллинг феноменін қазіргі заманғы цифрлық қоғам жағдайында мәдени девиация ретінде зерттеу – заманауи мәдениеттанудың өзекті мәселелерінің бірі екені сөзсіз. Мұндай өзекті әрі жаһандық сипаттағы мәселенің зерттелуі отандық мәдениеттану мен философия ғылымына жаңа бағыт, тың серпін беретіні дау туғызбайды. Зерттеушінің аталған тақырып бойынша теориялық ізденістері мен жаңа ғылыми тұжырымдары оның зерттеу жұмысының нәтижелілігін көрсетеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	**Жоғары.** Диссертация авторы өз зерттеуінде кибербуллинг мәселесін заманауи мәдени-әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырып, оны мәдени девиацияның формасы тұрғысынан талдай отырып, осы құбылыстың мәдениеттанулық және философиялық негіздерін ашуға ұмтылған. Зерттеуде цифрлық қоғам жағдайындағы әлеуметтік өзара әрекет, жеке тұлға мінез-құлқы, девиациялық үрдістер мен олардың мәдени контекстегі көріністері кеңінен қарастырылады. Автор кибербуллинг феноменіне қатысты әлемдік және отандық теориялық тұжырымдамаларға, ұғымдық аппараттарға, категориялық құрылымдарға жан-жақты талдау жасап, тақырыпқа байланысты ғылыми көзқарастарға толыққанды шолу ұсынады. Бұл тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы киберкеңістіктегі девиантты мінез-құлық формаларын мәдениет пен қоғам дамуының өзекті мәселелерімен

			байланыстыра отырып қарастырған тың ізденіс болып табылады. Сонымен қатар, зерттеуші мәселені тек сипаттап қана қоймай, оған қатысты өзіндік теориялық тұжырымдар мен ғылыми пайымдауларын да ұсына отырып, кибербуллингті мәдени девиация ретінде бағалаудың жаңа тәсілдерін ұсынады. Осы арқылы автор тақырыптың ғылыми өзектілігі мен тәжірибелік маңызын айқындап, қазіргі заман мәдениеттануына үлесін де сипаттай алған. Автордың тақырыпқа қатысты жарияланымдары да зерттеу жұмысына қойылатын өзі жазу принципіне толығымен сәйкестігін айқындайды. Диссертанттың тақырыптан туындайтын өзіндік тұжырымдары жұмыс барысында көзқарасы мен айқындалып, концептуальдық түрде жүйеленген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	**Жеткілікті негізделген.** Диссертация авторы зерттеу тақырыбының өзектілігін қазіргі өркениеттің даму үдерісіндегі цифрлық кеңістікте белең алып отырған кибербуллинг құбылысын мәдени девиацияның жаңа формасы ретінде қарастыру – бұл мәселенің тек әлеуметтік немесе психологиялық қырларымен шектелмей, мәдениеттанулық және философиялық тұрғыдан зерттелуінің қажеттілігін көрсетеді. Зерттеу жұмысында кибербуллинг ұғымының мазмұны мен оның мәдениетпен өзара байланысы жан-жақты қарастырылып, бұл құбылыстың заманауи қоғамдағы мәні мен салдары теориялық және әдістемелік деңгейде негізделген. Автор цифрлық қоғамдағы девиациялық мінез-құлық формаларына, оның ішінде кибербуллингке қатысты ғылыми көзқарастарды саралай отырып, мәселенің философия мен мәдениеттану ғылымдарының өзекті зерттеу нысанына айналу алғышарттарын дәйекті түрде ашып көрсетеді. Жұмыстың жалпы құрылымы оның өзектілігімен іштей үндескен. Соның нәтижесінде зерделеніп отырған мәселе бойынша

			автор бірегей танымдық, әдістемелік негіз жасай алған. Диссертациялық жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі мен оны философия ғылымы тұрғысынан зерттеп, талдаудың қажеттігі тиісті ғылыми танымдық деңгейде, ішкі бірлік принципі негізінде айқындалған
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Пікір беріліп отырған диссертациялық зерттеу еңбегінде берілген тақырыптың мазмұны толықтай ашылған. Жұмыстың тараулары мен бөлімдерінде жұмыс тақырыбына байланысты қойылған мақсаттар ретімен орындалып, тиісті талдау жұмыстары жүзеге асырылған. Зерттеу жұмысында кибербуллинг құбылысы мәдени девиацияның формасы ретінде қарастырылып, оның цифрлық қоғам жағдайындағы көрініс беру ерекшеліктері жан-жақты талданған. Автор диссертация тақырыбына сәйкес кибербуллинг ұғымының мазмұнын, оны тудыратын әлеуметтік-мәдени алғышарттарды, девиациялық мінез-құлықпен байланысты ұғымдар жүйесін және цифрлық кеңістіктегі тұлғалық жауапкершілік мәселелерін кешенді түрде қарастырады. Сонымен қатар, дәстүрлі қоғам мен цифрлық қоғамдағы тұлғааралық қарым-қатынас ерекшеліктерін салыстыру, мәдени нормалардың трансформациясы және кибербуллингтің алдын алу жолдарын ұсыну арқылы зерттеу мазмұны жұмыс тақырыбының мәнін толық ашып көрсетеді. Диссертация құрылымы, мазмұны және талдау деңгейі тақырыппен толық үйлесіп, оның ғылыми аясын нақты айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертант жұмыс алдына қойылған мақсат пен міндеттерді дәлелді негіздей отырып, жүйелі түрде ішкі сабақтастықты сақтай отырып орындаған. Мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбына жеткілікті дәрежеде сәйкес келеді.

		1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Әрбір бөлім кибербуллингті мәдени девиацияның формасы ретінде қарастыру мақсатына бағытталған. Зерттеудің теориялық негіздері, кибербуллинг ұғымының мәні мен мазмұны, оның мәдениеттегі орны, цифрлық қоғам жағдайындағы тұлғаның мінез-құлықтық ерекшеліктері және девиациялық әрекеттердің сипаттары логикалық бірізділікпен берілген. Жұмыстың құрылымдық бөлімдері кибербуллинг құбылысын мәдениеттанулық-философиялық аспектіде талдауға мүмкіндік беріп, зерттеу барысында қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Ізденуші алдына қойылған тақырыпқа сай мақсаты мен міндеттерін жүйелі және дәлелді тұжырымдап, тұтастық пен логикалық бірізділік қағидасын сақтаған
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан**; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Жұмыс жоспары негізгі зерттеу тақырыбына сәйкес жасалған ғылыми және жұмысқа қойылатын теориялық, методологиялық талаптарға сай келеді. Диссертациялық зерттеу жұмысында оның барлық бөлімдері өзара тығыз логикалық және мазмұндық байланыста кешенді түрде жүзеге асырылған. Зерттеу жұмысының құрылымдық бөлімдерінде жұмыс тақырыбы ішкі бірлікте, логикалық тиісті дәйектемелер мен ғылыми тұжырымдау арқылы бірізділік қағидасын сақтай отырып тұжырымдалған және толық байланысқа ие. Зерттеу жұмысында барлық бөлімдерінің ғылыми методологиялық өзара сабақтастығы, мазмұндық тұтастығы сақтала отырып цифрлық қоғамдағы тұлғаның этикалық жауапкершілігі зерделенген. Құрылымдық жағынан пікір беріліп отырған диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, тарауішілік бөлімшелерден, қорытындыдан,

			әдебиеттерден құралған. Оның бәрі негізгі зерттеу тақырыбы мен жұмыс мазмұнымен үндестік құрып тұр.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Зерттеу жұмысында осы тақырыптағы әлемдік және отандық зерттеу жұмыстары салыстырмалы түрде талданып, олардың өзіндік ерекшелігі, идеялық қағидаларының мазмұны мен маңызы анықталып, оларға автордың сыни талдау көзқарасы берілген. Диссертациялық жұмыста автор басқа авторлардың, зерттеуші ғалымдардың көзқарасына шолу жасай отырып, өзінің ой тұжырымдарын оларға компаративистік талдау жасау түрінде жүзеге асырған. Автор ұсынған тұжырымдар мен қағидалар бұрыннан белгілі теориялармен салыстырылып, олардың шектеулері мен кемшіліктері негізінде жаңа көзқарастардың артықшылықтары дәлелді түрде көрсетілген. Сонымен қатар, киберкеңістіктегі тұлғалық жауапкершіліктің төмендеуі мен нормалардан ауытқуды мәдени девиация ретінде қарастыру жаңа әдістемелік бағдар ұсынады. Бұл тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері отандық ғылымда кибербуллингті мәдени феномен ретінде түсінудің тың бағытын қалыптастыруға үлес қосады. Автор өзінің жаңа көзқарасын басқалардың жұмыстарын талдау негізінде және қазіргі шындықпен үйлестіру, объективтік қағидасы аясында көрсеткен.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ізденушінің зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Автор зерттеу нәтижесінде жаңа жүйелі қағидаларды ұсына білген. Диссертациялық зерттеуде тек қана мәселенің қолданбалы,
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25–75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	теориялық емес, прагматикалық аспектілері де қаралып, автор өз көзқарасын барынша негіздеген. Автордың ғылыми жұмысы мәдениеттану саласында цифрлық мәдениеттің қалыптасу үрдістерін, оның әлеуметтік және этикалық аспектілерін терең талдай отырып, жаңа теориялық тұжырымдар мен мәдениеттанулық қағидаларды ұсынады. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі мәдениет теорияларынан ерекшеленіп, цифрлық қоғамның әлеуметтік мінез-құлқын, мәдени нормалар мен құндылықтардың трансформациясын түсінуге бағытталған. Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен әдістемелік тәсілдер цифрлық мәдениетті зерттеу саласындағы жаңалық ретінде бағаланады және мәдениеттану саласында дамуына тың серпін береді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа және теориялық-методологиялық тұрғыдан жеткілікті болып табылатын дәйектемелерге негізделген. Жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар мен нәтижелер бұрын ғылыми айналымда жүйелі түрде қарастырылмаған кибербуллинг құбылысын мәдени девиацияның формасы ретінде саралауға арналған.Зерттеу қорытындылары нақты теориялық-методологиялық негізге сүйеніп жасалған және олар мәдениеттану ғылымының қазіргі даму талаптарына жауап береді. Автор ұсынған жаңаша көзқарастар мен түсіндірмелер цифрлық қоғам жағдайында туындап отырған мәдени-әлеуметтік құбылыстарды жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жұмыстың теориялық негіздері мен қорытындыларын - практикалық қолданыстар саласына, ғылыми-техникалық зерттеулерде философиялық әдістеме тұрғысынан басшылыққа алуға болады. Бұл жағынан зерттеу әдіснамалық қағидат жағынан жаңа болып табылады. Кибербуллингтің мәдени девиация ретінде зерттелуі — қазіргі цифрлық технологиялар мен әлеуметтік медиа кеңістігінде қалыптасатын жаңа тәуекелдерге жауап беретін ғылыми ұстанымдардың бірегей үлгісі болып табылады. Зерттеу нәтижелері киберкеңістіктегі тұлғалық жауапкершілік, әлеуметтік мінез-құлық және этикалық нормалар трансформациясын талдау арқылы цифрлық мәдениетті басқару мен реттеу тетіктеріне әдістемелік бағдар береді. Бұл – әсіресе жастар ортасындағы девиантты мінез-құлықтың алдын алу, білім беру платформаларында қауіпсіз орта қалыптастыру және желілік мәдениетті дамыту салаларында қолдануға болатын тұжырымдар. Диссертациялық жұмыстың теориялық қағидаттары техника философиясы мен цифрлық этика салаларымен тығыз байланысты болып келеді. Сондықтан алынған нәтижелерді технологиялық даму жағдайындағы тұлғаның әлеуметтік-мәдени бейімделуі мен цифрлық жауапкершілігін арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдер үшін қолдануға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде	Ізденуші Осербаев Елдос диссертациялық зерттеуінде ұсынылған негізгі қорытындылар ғылыми негізділігімен ерекшеленеді және жұмыстың теориялық-әдіснамалық аппаратына толық сәйкес келеді. Кибербуллинг құбылысын мәдени девиацияның формасы ретінде қарастыру арқылы зерттеуші цифрлық қоғамдағы тұлғалық мінез-

		негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	құлықтың жаңа сипаттарын ашып көрсетеді. Бұл қорытындылар мәдениеттану мен философияның тоғысындағы өзекті мәселелерді терең түсіндіруге бағытталған және қазіргі заманғы цифрлық кеңістіктегі әлеуметтік нормалардың өзгерісін дәйекті түрде талдайды. Зерттеуде пайдаланылған дереккөздер, теориялық тұжырымдамалар және философиялық категориялар негізінде жасалған нәтижелер логикалық тұрғыдан жүйелі және ішкі бірізділікпен дәлелденген. Автор кибербуллинг феноменінің әлеуметтік-мәдени алғышарттарын, оның тұлғалық және қоғамдық деңгейдегі салдарын нақты көрсетіп, оларды мәдениеттанулық тұрғыда негіздеген. Осылайша, диссертациялық жұмыста ұсынылған қорытындылар өзектілігімен, теориялық тереңдігімен және философиялық дәйектілігімен ерекшеленіп, кибербуллинг мәселесін мәдениеттану ғылымы аясында жаңа деңгейде қарастыруға жол ашады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді**; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1. Дәлелденді. Зерттеуші қорғауға 5 қағидат шығарған. Ол қағидаттар жұмыстың тақырыбына сәйкес келіп, мазмұнынан теориялық, методологиялық, логикалық тұрғыдан туындап тұр. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер толықтай дәлелденген және зерттеушінің өз ғылыми ізденістерінің нәтижесі ретінде ұсынылған. Бұл қағидаттар диссертацияның тақырыбына сәйкес келіп, оның мазмұнынан теориялық, әдіснамалық және логикалық тұрғыдан қисынды түрде туындайды. Зерттеу барысында ұсынған қағидаттар жұмыс көлемінде қарастырылған мәселелердің кешенді шешімін қамтамасыз етеді.

		7.2 Тривиалды ма?	7.2. Жоқ. Автор қағидаттарды тың көзқарас, тұжырым тұрғысынан негіздеген. 7.3. Жаңа. Зерттеуші еліміздің мәдениеттану саласында бұрын арнайы қарастырылмаған қағидаттарды жаңалық деңгейінде өзектендірген. 7.4. Қолдану деңгейі кең. Қорғауға шығарылып отырған диссертациялық зерттеу нәтижелерінің қолдану ауқымы кең және көпқырлы болып табылады. Олар мәдениеттану саласында, атап айтқанда кибербуллинг феноменін мәдени девиацияның формасы ретінде зерттеуде философиялық-этикалық тұрғыдан маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, зерттеу қорытындылары жалпы гуманитарлық ғылымдарда, техника мен ақпараттық технология салаларында, сондай-ақ әлеуметтік қатынастарда этикалық императив ретінде басшылыққа алына алады. Бұл нәтижелер цифрлық қоғамдағы мінез-құлық нормаларын қалыптастыру және әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуде теориялық және практикалық маңызы зор. 7.5. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 5 ғылыми мақалада жарияланған. Оның біреуі Scopus базасына кіретін журналда, төртеуі Қазақстан Республикасы ҒЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарық көрген. Жарияланған мақалалар зерттеу жұмысының тақырыбы мен мазмұнын толықтай қамтиды.
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1**) ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің	

		дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Әдістеме қолданысы зерттеудің мазмұнын ашуға толығымен негізделген және зерттеу жұмыстарының теориялық-әдіснамалық талаптары мен алдына қойған міндеттеріне сәйкес келеді. Жұмыс барысында автор философиялық-антропологиялық, жүйелік, логикалық әдістерді жұмыстың алдына қойған мақсатына жету құралы ретінде орынды қолданған. Аталған әдістер арқылы диссертациялық жұмыстың мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда дәйектілік принципі басшылыққа алынғаны жұмыстың нәтижелігімен айқындалады.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар мен ғылыми тұжырымдар бір-бірімен өзара байланысты және дәлелді түрде негізделген. Автор зерттеу барысында көтерілген мәселелерге сыни көзқараспен дәлелдемелер келтірген. Сондықтаан бұл сала бойынша «иә» деген жауапқа сәйкес келеді.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Жұмыстағы теориялық қорытындылар мен нәтижелер зерттеудің философиялық сипатына емес, тиісті әдебиеттер орай мен эксперименттер концепцияларға, философиялық, ғылыми, тарихи-мәдени тұжырымдарға, зерттеліп отырған сала бойынша мысалдарға, әлеуметтік практикаларға негізделген. Диссертант соларға сүйене отырып белгілі дәрежеде өзіндік жасауға ұмтылған авторлық тұжырымдар.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және **сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Жұмыстың негізін құрайтын мәдімдемелер жеткілікті деңгейде жұмыс тақырыбы бойынша тиісті ғылыми әдебиеттермен және нақты сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі **әдеби**	Жұмыстың негізін құрайтын мәлімдемелер тиісті ғылыми әдебиеттермен, оның ішінде гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы отандық және шетелдік мамандардың

		шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	еңбектерімен, сондай-ақ кибербуллинг мәселесіне қатысты маңызды зерттеулермен жан-жақты расталған. Диссертацияда қолданылған 124 дереккөз құрамында философиялық, мәдени және әлеуметтік теорияларға қатысты ғылыми еңбектер кеңінен қамтылған. Бұл әдебиеттер жұмыстың теориялық және методологиялық негізделуіне толық мүмкіндік беріп, әдеби шолу үшін жеткілікті деңгейде деп бағаланады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің практикалық құндылығы кибербуллинг феноменін мәдени девиация ретінде терең талдауға негізделген тұжырымдар мен қағидаттардың цифрлық қоғамдағы әлеуметтік және мәдени проблемаларды шешуге бағытталуында көрініс табады. Зерттеу нәтижелері білім беру, әлеуметтік жұмыс, құқық қорғау және ақпараттық технологиялар салаларында кибербуллингтің алдын алу мен оған қарсы күрес стратегияларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмыста ұсынылған этикалық және мәдениеттанулық тұрғыдан негізделген шешімдер цифрлық мәдениетті дамыту және тұлғалардың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеу қорытындылары мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, білім беру мекемелерінің, сондай-ақ цифрлық кеңістіктегі мінез-құлық нормаларын реттеуші құрылымдардың жұмысында практикалық бағдарлама ретінде қолданылуға лайықты. Осы тұрғыдан, диссертацияның нәтижелері қазіргі заманғы цифрлық мәдениеттің тұрақты дамуына және қоғамдағы әлеуметтік қауіпсіздікті нығайтуға нақты үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған	Ия, Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы оның теориялық ұстанымдарын әдістемелік және дүниетанымдық жағынан басшылыққа алумен анықталады.

		нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Сонымен бірге зерттеу нәтижелерін орта арнайы, жоғары оқу орындарындағы жалпы гуманитарлық пәндерді беру барысында қажетті теориялық, практикалық құрал ретінде ұсынуға болады. Сонымен қатар жұмыстың практикалық маңызы цифрлық дәуірде өмір суру дағдыларын қалыптастыруға этикалық негіз ретінде қарастыруға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Толығымен жаңа. Зерттеу кибербуллинг феноменін мәдени девиация ретінде жан-жақты талдау арқылы цифрлық ортадағы мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға бағытталған нақты ұсыныстарды ұсынады. Бұл ұсыныстар білім беру саласында, қоғамдық және мәдени ұйымдарда, сондай-ақ цифрлық мәдениетті дамыту мен қорғауда тиімді қолданылуға қабілетті. Сонымен қатар, жұмыс цифрлық мәдениет контексінде әлеуметтік жауапкершілік пен этикалық стандарттарды жетілдіруде практикалық маңызы бар стратегиялар мен әдістерді қалыптастырады. Осы нәтижелер мемлекеттік және қоғамдық институттардың ақпараттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаларында негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін. Мұндай кешенді тәсіл кибербуллингтің алдын алу және оған қарсы күресте мәдениеттану ғылымының теориялық және әдіснамалық әлеуетін тиімді іске асыруға мүмкіндік береді. Осылайша, диссертацияның практикалық ұсыныстары қазіргі цифрлық қоғамдағы мәдени өзгерістер мен әлеуметтік девиацияның терең мәселелерін шешуде нақты нәтижелерге жетуге ықпал етеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа;	Жоғары. Пікір беріліп отырған диссертациялық жұмыстың жазу және рәсімдеу сапасы академиялық жазу нормасына сәйкес және жоғары деп бағалауға болады. Жұмыста талапқа сай ғылыми стиль сақталып, жалпы логикалық, ғылыми әдістер, ғылыми терминдер,

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	категориялық аппарат тиісінше қолданылып, дәйекті тұжырымдар жасалған, жұмыс барысында техникалық рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес жоғары сапалы деңгейде жүзеге асырылған
11.	Диссертацияға ескертулер		1.Жекелеген бөлімдерде теориялық пайымдауларды нақты мысалдармен толықтыру жұмыстың мазмұнын тереңдете түсер еді. 2.Кейбір бөлімдердегі қолданылған терминологияны нақтылау зерттеудің айқындылығын арттыра алады. 3.Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелерін жинақтап, негізгі тұжырымдарды жүйелеу ұсынылады. Алайда, бұл ескертулер диссертацияның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығына ешқандай кері ықпал етпейді. Зерттеу негізгі мақсаттары мен міндеттерін толығымен орындап, өзекті мәселеге жаңа ғылыми көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан, диссертацияның мәдениеттану саласына қосқан үлесі жоғары бағалануға лайық.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер		1.Cultural transitions and dialogues in the Great Silk Road area: experience in preventing cultural deviations. Хабаршы. Философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы. – 2021. – Т. 75. – № 1. – Б. 61–73. Бұл мақалада Ұлы Жібек жолы аймағындағы мәдени өтпелі кезеңдер мен өркениеттер арасындағы диалогтар кеңінен қарастырылған. Авторлар тарихи және қазіргі кезеңдердегі мәдени өзара әрекеттестіктерге талдау жасап, мәдени ауытқулардың алдын алу тәжірибесіне назар аударады. Жұмыста түрлі этностар мен қауымдастықтардың бейбіт қатар өмір сүруінің алғышарттары сипатталған. Мақалада ұсынылған теориялық тұжырымдар қазіргі жаһандану жағдайындағы мәдени саясат үшін өзекті.

	докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		2.Айналмалы билер мәдени девиацияның алдын алушы ретінде. Хабаршы. Философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы. – 2021. – Т. 77. – № 3. – Б. 83–90. Бұл мақалада айналмалы билердің мәдени девиацияның алдын алудағы маңызды рөлі талданады. Авторлар дәстүрлі билер институтының қоғамдағы моральдық және құқықтық нормаларды сақтау мен нығайтудағы функциясына ерекше көңіл бөледі. Мақалада айналмалы билердің әділдік пен тәртіпті қамтамасыз ету арқылы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға ықпал ететіні ғылыми тұрғыдан дәлелденеді. Бұл зерттеу мәдени құндылықтарды қорғауда билер институтының өзекті маңызын көрсетеді. 3.Мәдениет философиясы және ұлттық мәдени девиацияның шектері. «Адам әлемі» журналы. ҚР ҒжЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты. – 2021. – № 91 (1). – Б. 49–62. Мәдениет философиясы ұлттық мәдениеттің мәні мен құрылымын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағыт мәдени девиацияның шектерін анықтап, ұлттық құндылықтарды сақтаудың философиялық негіздерін қарастырады. Зерттеу барысында мәдени девиацияның себептері мен оның қоғамға әсері талданып, шектеу механизмдері ұсынылады. Мұндай философиялық талдау ұлттық мәдени тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. 4.The role of the philosophy of culture in limiting cultural deviation in the era of cyberbullying. Хабаршы. Философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы. – 2022. – Т. 80. – № 2. – Б. 4–13. Бұл мақалада мәдениет философиясының кибербуллинг дәуірінде мәдени девиацияны шектеудегі рөлі зерттеледі. Авторлар технологиялық даму мен цифрлық коммуникациялардың мәдени құндылықтарға әсерін талдап, дәстүрлі моральдық нормаларды

			сақтау мәселелерін қарастырады. Мәдениет философиясы арқылы киберкеуекшілік жағдайында ұлттық және ғаламдық мәдениетті қорғаудың философиялық негіздері ұсынылады. Зерттеу заманауи қауіптерге қарсДиссы мәдени тұрақтылықты қамтамасыз етудің теориялық базасын қалыптастырады. 5.The roots of the cultural deviation of Sufism in the ancient Turkic nomadic culture. Frontiers in Communication. – Volume 10 - 2025 | https://doi.org/10.3389/fcomm.2025.1591725 Мақалада көне түркі көшпенділерінің мәдениетінде суфизмнің мәдени девиацияға ұшырауының себептері мен негіздері қарастырылады. Авторлар суфизмнің ілімдері мен дәстүрлі көшпенді құндылықтар арасындағы қайшылықтарды талдап, олардың мәдени өзгерістерге әсерін анықтайды. Бұл зерттеу суфизмнің түркі мәдениетіндегі рөлін қайта бағалауға және мәдени тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Мақала мәдени феномендердің өзара байланысын ашады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Зерттеу жұмыс тақырыбының өзектілігін, диссертацияның ғылыми жаңалықтары мен теориялық, практикалық маңыздылығын ескере отырып, «8D03102 – Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Осербаев Елдос Нұрланұлының «Кибербуллинг мәдени девиацияның формасы ретінде» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертация авторы Осербаев Елдос Нұрланұлы «8D03102 – Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD)

Масанов Еркин Жоланович

